

Бастөбе ауылдық округінің "Жылыбұлақ" ауылына жеке аулаларында қой, ешкі малдарының ішінен бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу енгізілуі туралы

Күші жойған

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы N 112 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қаратал ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 10 маусымда N 2-12-111 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 қазандағы N 337 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009.10.22 N 337 Қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 18-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9-тармақшасына сәйкес, аудандық мал дәрігерлік зертхананың 2009 жылдың 20 сәуіріндегі N 161 сараптамасы, Қаратал ауданының бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторының 2009 жылдың 18 мамырындағы N 236 хабарламалары және төтенше жағдай жөніндегі аудандық комиссияның 2009 жылдың 18 мамырындағы хаттамасы негіздерінде, Қаратал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бастөбе ауылдық округінің "Жылыбұлақ" ауылына жеке аулаларында қой, ешкі малдары ішінен бруцеллез ауруының шығуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында, шектеу енгізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Амандосовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім:

Қ. Медеуов